

## Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы N 08-1/77. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 806 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 10 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 2162. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2009 жылғы 14 желтоқсандағы N 08-1-1-1/457 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы N 488 Бірлескен бұйрықтарымен.

***Күші жойылды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 2009.12.14 N 08-1-1-1/457 және ҚР Ішкі істер министрінің 2009.12.22 N 488 бірлескен бұйрықтарымен.***

Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібін одан әрі жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы **Нұсқаулық бекітілсін.**

2. 2000 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің N 65 бұйрығымен және 2000 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің N 388 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы Нұсқаулықтың күш жоғылды **деп есептелсін.**

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

**Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік хатшысы -**

*Сыртқы істер министрі*

**Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрі**

*генерал-полковник*

**"Келісілген"**

**Қазақстан Республикасының  
Ұлттық қауіпсіздік  
комитетінің төрағасы  
генерал-лейтенант**

*2002 жылғы 19 желтоқсан*

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік хатшысы -  
Сыртқы істер министрінің  
2002 жылғы 24 желтоқсандағы  
N 08-1/77 бұйрығымен және  
Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2002 жылғы 27 желтоқсандағы  
N 806 бұйрығымен  
бекітілген  
Қазақстан Республикасының визаларын  
беру тәртібі туралы нұсқаулық

### **1. Жалпы ереже**

*Ескерту. Барлық мәтін бойынша "ПБ-ПББ, ПББ-ПБ, ПБ" қысқартылған атаулары "ПД" атауымен аудиостырылды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 2009.03.13 N 08-1-1-1/55-1 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009.03.27 N 116 бірлескен бұйрығымен.*

1. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше тәртіп белгіленбесе, шетел азаматтарының Қазақстан Республикасына келуі және Қазақстан Республикасынан кетуі Қазақстан Республикасының визасы болған жағдайда, жарамды паспорты немесе оны алмастыратын құжаттар бойынша мемлекеттік шекара дағы халықаралық және екі жақты қатынастар үшін ашық өткізу пункттері арқылы жүзеге асырылады.

Осы Нұсқаулықтың ережелері азаматтығы жоқ тұлғаларға да қолданылады.

### **2. Визалар төмендегі санаттарға бөлінеді:**

- 1) дипломаттық (ДВ);
- 2) қызметтік (КВ);
- 3) инвесторлық (ИНВ);
- 4) іске рлік (ИСВ);
- 5) жеке (ЖСВ);
- 6) туристік (ТСВ);
- 7) оқуға арналған (ОУВ);
- 8) жұмысқа арналған (ЖЕВ);
- 9) емделуге арналған (ЕАВ);
- 10) тұрақты тұруға арналған (ТТВ);
- 11) транзиттік (ТВ).

### **2. Дипломаттық визалар (ДВ)**

3. Дипломаттық визалар дипломаттық паспорттары бар шетел азаматтарына беріледі.

4. Дипломаттық визалар халықаралық ұйымдардың паспорттары немесе Ұлттық паспорттары бар шетел азаматтары болып табылатын:

1) халықаралық ұйымдардың қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне;

2) Қазақстан Республикасындағы шетелдік дипломатиялық өкілдіктерде, консулдық мекемелерде қызметкер - дипломаттардың отбасы мүшелеріне;

3) Қазақстан Республикасы таныған мемлекеттерде үкіметке, парламентке мүше, көрнекті қоғамдық және саяси қайраткер шетел азаматтарына;

4) құрметті консулдарға, олардың отбасы мүшелеріне берілуі мүмкін.

#### 5. Дипломаттық визалар:

1) Қазақстан Республикасында дипломаттық сапасы танылмаған дипломаттық паспортты көрсеткен тұлғаларға;

2) егер дипломаттық паспорты болмаса, дипломатиялық поштаны тасымалдаушы тұлғаларға берілмейді.

#### 3. Қызметтік визалар (ҚВ)

6. Қызметтік визалар мыналарға беріледі:

1) Қазақстан Республикасындағы шетелдік дипломатиялық өкілдіктердің және консулдық мекемелердің қызметтік, техникалық және қызмет көрсету персоналына жататын шетел азаматтарына, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне;

2) курьерлік парағы болған жағдайда дипломатиялық поштаны тасымалдаушы тұлғаларға, егер олардың дипломаттық паспорты болмаса;

3) Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық өкілдіктердің, халықаралық ұйымдардың шақыруы бойынша қызметтік немесе қоғамдық істермен Қазақстан Республикасына келетін шетел азаматтарына;

4) қызметтік немесе қоғамдық істер бойынша Қазақстан Республикасына келетін, қызметтік паспорттары бар шетел азаматтарына.

#### 4. Инвесторлық визалар (ИНВ)

7. Инвесторлық визалар Қазақстан экономикасын инвестициялауға қатысушы шетелдік фирмалар мен компаниялардың басқару буындарының басшылары мен өкілдеріне, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне беріледі.

8. Бір мәртебелік инвесторлық визалар Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі - ҚР СТМ) басшылығының нұсқауы бойынша, болмаса шетелдік компаниялардың немесе Қазақстан Республикасының Индустрія және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитетінің қолдаухаты болған жағдайда ҚР СІМ шетелдегі мекемелері басшыларының келісімі бойынша ТМД-на қатысушы мемлекеттердің аумағына кіруге шектілер

жоқтығы алдын-ала тексеріліп виза берілген дерегі туралы кейін Қазақстан Республикасының Ұлттық

қауіпсіздік комитетіне (бұдан әрі - ҚР ҰҚҚ) өз кезегінде хабарлайтын ҚР СІМ-н хабардар ету арқылы өтініш білдірілген күні шақырусыз беріледі. Көп мәртелік инвесторлық визалар беру кезінде ҚР СІМ-нің келісімі талап етіледі.

8-1. Алматы қаласының өнірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті органның қолдаухаты бойынша және ҚР СІМ, ҚР ПМ мен ҚР ҰҚҚ-мен келісілген паспорттық мәліметі бар Алматы қаласының өнірлік қаржы орталығына қатысушылардың (дилерлер, брокерлер және эмитенттер) (бұдан әрі - АӘҚО қатысушылары) тізімдері негізінде, АӘҚО қатысушыларына, АӘҚО әкімшілігі жанындағы халықаралық кеңес мүшелеріне, сондай-ақ олардың отбасыларының мүшелеріне көп мәртелік инвесторлық визалар беріледі. Өнірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті органның қолдаухатын ұлттық қауіпсіздік органында келісу 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде

жүзеге асырылады.

Өнірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті органның белгіленген тәртіpte келісілген қолдаухаты бойынша АӘҚО қатысушыларға өтініш берілген күні бір айға дейінгі мерзімге бір мәртелік инвесторлық виза беріледі.

Осы тармақта ҚР СІМ, ҚР ПМ және ҚР ҰҚҚ-ке беру туралы көзделген мәліметтің уақытыны мен дұрыстыры үшін өнірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті орган жауапты болады.

*Ескерту: 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006 жылғы 22 қыркүйектегі N 08-1/276, ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 25 қыркүйектегі N 468 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз)*  
**бірлескен бүйрек мемлекеттік визалар (ICB)**

## 5. Іскерлік визалар (ICB)

9. Іскерлік визалар (іссапар, іскерлік және коммерциялық сипаттағы іскерлік келіссөздерге, кеңесулерге, симпозиумдарға, конференцияларға, тендерлерге қатысу, келісім-шарттар жасасу, бірлескен кәсіпорындар құру, қазақстандық рынокты зерттеу, аукциондарға, көрмелерге және жәрменкелерге қатысу, сауда операцияларын және халықаралық тасымалдарды жүзеге асыру, консультативті және аудиторлық қызмет көрсету) Қазақстан Республикасына іскерлік мақсатпен келетін, сондай-ақ болатын шетел азаматтарына:

1) мемлекеттік емес заңды тұлғалардың шетел азаматтарын шақырған жағдайында ішкі істер органдарының рұқсаты;

2) халықаралық ұйымдардың, шетел мемлекеттері өкілдіктерінің және Қазақстан Республикасының мемлекеттік заңды ұйымдардың шақыруы;

3) тізімін ҚР СІМ, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі - ҚР ПМ) және ҚР ҰҚҚ белгілейтін елдердің азаматтары үшін заңды

тұлғалардың шақыруы негізінде беріледі;

4) Қазақстан Республикасының консулдық мекемесіне Австралия Одағы, Австрия Республикасы, Америка Құрама Штаттары, Бельгия Корольдігі, Германия Федеративтік Республикасы, Грекия Республикасы, Дания Корольдігі, Жаңа Зеландия, Жапония, Корея Республикасы, Біріккен Араб Әмірліктерінің, Сауд Арабиясы Корольдігінің, Польша Республикасының, Венгрия Республикасының, Словак Республикасының, Израиль Мемлекетінің, Хорватия Республикасының, Оман Сұлтандығының, Чех Республикасының, Румынияның, Болгар Республикасының, Мальтаның, Кипр Республикасының, Словения Республикасының, Литва Республикасының, Латвия Республикасының, Эстония Республикасының, Ирландия Республикасы, Исландия Республикасы, Испания Корольдігі, Италия Республикасы, Канада, Лихтенштейн Княздігі, Люксембург Ұлы Герцогтығы, Малайзия, Монако, Нидерланд Корольдігі, Норвегия Корольдігі, Португалия Республикасы, Сингапур Республикасы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі, Финляндия Республикасы, Француз Республикасы, Швейцария Конфедерациясы, Швеция Корольдігі азаматтарының Қазақстан Республикасының бір мәртелік іскерлік визасын беру жөніндегі жазбаша өтініші негізінде беріледі.

*Ескерту: 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2003.12.03. N 08-1/187 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003.12.18. N 724 бірлескен бұйрығымен , 2004.05.25. N 08-1/123, 2004.06.23. N 357 бірлескен бұйрығымен , ҚР Ішкі істер министрінің 2007.07.04. N 272, ҚР Сыртқы істер министрінің 2007.06.29. N 08-1-1-1/200 бірлескен бұйрығымен , Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007.09.06. N 365, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2007.09.03. N 08-1-1-1/257 Бірлескен бұйрығымен , Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007.12.24. N 494, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2007.12.07. N 08-1-1-1/415 ( тұнғыш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өтісімен қолданысқа енгізіледі) Бірлескен бұйрығымен , ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 2009.03.13 N 08-1-1-1/55-1 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009.03.27 N 116 бірлескен бұйрығымен .*

## **6. Жеке визалар (ЖСВ)**

10. Жеке визалар жеке мақсатпен келетін, сондай-ақ Қазақстан Республикасында болатын шетел азаматтарына:

1) Облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының Ішкі істер департаментімен (бұдан әрі - ПД) берген уақытша келуге арналған шақыруы. Шақыру берілген күнінен бастап бір жылға жарамды;

2) Қазақстан Республикасында тіркелген шет мемлекеттерінің дипломатиялық және өзге де өкілдіктерінің, халықаралық ұйымдардың шақыруы

негізінде ресімделген визалық қолдау;

3) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің шешімі негізінде Қазақстан Республикасының аумағындағы түзету мекемесінде жазасын өтеп жатқан тұлғалармен кездесуге келетін шетел азаматтары үшін ресімделген виза беру туралы ҚР СІМ-нің нұсқауы;

4) Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын балаларды ұл (қыз) етіп асырап алғысы келетін және асырап алушыға кандидат ретінде консулдық есепте тұрған шетел азаматтары үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің, Қазақстан Республикасы облыстарының және Астана мен Алматы қалаларының білім басқармаларының (департаменттерінің) шакыруы негізінде ресімделген визалық қолдау;

5) ҚР СІМ-нің келісімі бойынша бір айға дейінгі, бірақ бір жыл ішінде екі реттен артық емес мерзімге, шетел азаматтары болып табылатын - жұбайларымен, балаларымен немесе ата-аналарымен Қазақстан Республикасына бірге келетін Қазақстан Республикасының азаматтарының өтініші (осы шектеу Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын ата-аналарымен бірге келетін кәмелетке толмаған шетел азаматтарына қолданылмайды);

6) бір айға дейінгі мерзімге Қазақстан Республикасына туыстарын немесе таныстарын жерлеуге келетін (сондай-ақ, ауыр науқастанған жағдайларда) шетелдік азаматтары үшін нотариалды куәландырылған қайтыс болу туралы анықтаманың көшірмелері, болмаса дәрігер куәландырған халықаралық жеделхат (т е л е г р а м м а ) ;

7) ҚР СІМ-мен келісімі бойынша үш айға дейінгі мерзімге туған жерлеріне, туысқандарының зираттарына болып қайту мақсатымен келетін Қазақстан Республикасынан қоныс аударған шетел азаматтары үшін ҚР СІМ-нің шетелдегі мекемесіне олар жеке өтініш жасаған жағдайда Қазақстан Республикасымен байланыстырын растайтын құжаттары (мыс.: ұлттық паспорттағы бағаны немесе Қазақстан Республикасында туғандығы туралы куәлігі, Қазақстан Республикасында жақын туысқанының жерленгендері туралы құжаттың, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққандығы туралы анықтаманың көшірмесі) ;

8) ҚР СІМ-мен келісім бойынша үш айға дейінгі, бірақ бір жыл ішінде екі реттен аспайтын мерзімге қазақ диаспорасының өкілдері болып табылатын шетел азаматтары үшін Қазақстан Республикасында әлеуметтік-экономикалық жеңілдіктерге арналған куәлік негізінде беріледі;

9) Қазақстан Республикасының консулдық мекемесіне Австралия Одағы, Австрия Республикасы, Америка Құрама Штаттары, Бельгия Корольдігі, Германия Федеративтік Республикасы, Грекия Республикасы, Дания Корольдігі, Жаңа Зеландия, Жапония, Корея Республикасы, Біріккен Араб Әмірліктерінің,

Сауд Арабиясы Корольдігінің, Польша Республикасының, Венгрия Республикасының, Словак Республикасының, Израиль Мемлекетінің, Хорватия Республикасының, Оман Сұлтандығының, Чех Республикасының, Румынияның, Болгар Республикасының, Мальтаның, Кипр Республикасының, Словения Республикасының, Литва Республикасының, Латвия Республикасының, Эстония Республикасының, Ирландия Республикасы, Исландия Республикасы, Испания Корольдігі, Италия Республикасы, Канада, Лихтенштейн Княздігі, Люксембург Ұлы Герцогтығы, Малайзия, Монако, Нидерланд Корольдігі, Норвегия Корольдігі, Португалия Республикасы, Сингапур Республикасы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі, Финляндия Республикасы, Француз Республикасы, Швейцария Конфедерациясы, Швеция Корольдігі азаматтарының жеке шаруаларына қатысты сапары үшін Қазақстан Республикасының жеке визасын беру жөніндегі жазбаша өтініші негізінде беріледі.

*Ескерту: 10-тармаққа толықтырулар енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы N 08-1/187 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 724 бірлескен бұйрығымен, 2004 жылғы 25 мамырдағы N 08-1/123, 2004 жылғы 23 маусымдағы N 357 бірлескен бұйрығымен, ҚР Ішкі істер министрінің 2007.07.04. N 272, ҚР Сыртқы істер министрінің 2007.06.29. N 08-1-1-1/200 бірлескен бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 6 қыркүйектегі N 365, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 3 қыркүйектегі N 08-1-1-1/257 Бірлескен бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007.12.24. N 494, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2007.12.07. N 08-1-1-1/415 (тұңғыш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өтісімен қолданысқа енгізіледі) Бірлескен бұйрығымен, өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 2009.03.13 N 08-1-1-1/55-1 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009.03.27 N 116 бірлескен бұйрығымен.*

## **7. Туристік визалар (TCB)**

11. Туристік визалар шетел азаматтарына туристік қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензиясы бар Қазақстан Республикасының туристік ұйымдарының оларды қабылдау туралы растауы, сондай-ақ ішкі істер органдарының рұқсаты және ҚР СІМ-нің визалық қолдауы болған жағдайда беріледі.

12. Тізімін ҚР СІМ, ҚР ПМ және ҚР ҰҚҚ белгілейтін елдердің азаматтарын - туристерін шақырған кезде ішкі істер органының рұқсаты талап етілмейді. Сондай-ақ аталған азаматтарға туристік ұйымдардың қолдаухаты бойынша туристік визалар ҚР СІМ-нің консулдық пункттерінде ресімделуі мүмкін.

12-1. Қазақстан Республикасының консулдық мекемесіне Австралия Одағы, Австрия Республикасы, Америка Құрама Штаттары, Бельгия Корольдігі, Германия Федеративтік Республикасы, Грекия Республикасы, Дания Корольдігі, Жаңа Зеландия, Жапония, Корея Республикасы, Біріккен Араб Әмірліктерінің, Сауд Арабиясы Корольдігінің, Польша Республикасының, Венгрия Республикасының, Словак Республикасының, Израиль Мемлекетінің, Хорватия Республикасының, Оман Сұлтандығының, Чех Республикасының, Румынияның, Болгар Республикасының, Малтаның, Кипр Республикасының, Словения Республикасының, Литва Республикасының, Латвия Республикасының, Эстония Республикасының, Ирландия Республикасы, Исландия Республикасы, Испания Корольдігі, Италия Республикасы, Канада, Лихтенштейн Княздігі, Люксембург Ұлы Герцогтығы, Малайзия, Монако, Нидерланд Корольдігі, Норвегия Корольдігі, Португалия Республикасы, Сингапур Республикасы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі, Финляндия Республикасы, Француз Республикасы, Швейцария Конфедерациясы, Швеция Корольдігі азаматтарының Қазақстан Республикасының туристік визасын беру жөніндегі жазбаша өтініші бар болған жағдайда бір мәртелік туристік визалар 30 тәулік мерзімге немесе екі мәртелік туристік визаны 60 тәулік мерзімге берілуі мүмкін

*Ескерту: 12-1-тармақпен толықтырылды, толықтыру енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы N 08-1/187 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 724 бірлескен бұйрығымен, 2004 жылғы 25 мамырдағы N 08-1/123, 2004 жылғы 23 маусымдағы N 357 бірлескен бұйрығымен, ҚР Ішкі істер министрінің 2007.07.04 . N 272, ҚР Сыртқы істер министрінің 2007.06.29. N 08-1-1-1/200 бірлескен бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 6 қыркүйектегі N 365, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 3 қыркүйектегі N 08-1-1-1/257 Бірлескен бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007.12.24. N 494, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2007.12.07. N 08-1-1-1/415 (тұнғыш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өтісімен қолданысқа енгізіледі) Бірлескен бұйрығымен, ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 2009.03.13 N 08-1-1-1/55-1 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009.03.27 N 116 бірлескен бұйрығымен .*

## **8. Оқуға арналған визалар (ОУВ)**

13. Оқуға арналған визалар оқу орындарының қолдаухаттары негізінде ресімделетін ҚР СІМ-ның визалық қолдауы болған жағдайда, Қазақстан Республикасына оқуға, оқу тәжірибесінен өтуге, сынақ мерзіміне және осыларға тәрізді себептермен келетін, сондай-ақ болатын шетел азаматтарына беріледі.

## **9. Емделуге арналған визалар (ЕАВ)**

14. Емделуге арналған визаларды медициналық мекемелердің шақыру мақсатын растайтын құжаттары негізінде ресімделетін ҚР СІМ-нің визалық қолдауы болған жағдайда, Қазақстан Республикасына емделуге, медициналық тексерілуге, кеңес алуға және басқа да осыған үқсас мақсаттармен келетін, сондай-ақ болатын шетел азаматтарына беріледі.

## 10. Жұмысқа арналған визалар (ЖЕВ)

### 15. Жұмысқа арналған визалар:

1) шетелдік жұмыс құшін тарту құқығына арналған рұқсаты мен белгіленген тәртіпте ресімделген ұйымдардың шақыруы болған жағдайда, Қазақстан Республикасына жұмыс істеуге келетін шетел азаматтарына беріледі. Рұқсатқа Қазақстанда жұмыс істеу үшін тартылған тұлғалардың паспорттық мәліметтерімен бірге енбекпен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті үәкілетті органның мөрімен куәландырған және лауазымды тұлға қол қойған тізім міндетті

түрде қоса берілуі қажет;

2) егер жұмыс істеуге арналған рұқсаттарды алу талап етілмейтін жағдайда халықаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес Қазақстан Республикасына жұмыс істеуге келетін шетел азаматтарына;

3) егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс істеуге арналған рұқсаттарды алу талап етілмейтін жағдайда Қазақстан Республикасына жұмыс істеуге келетін шетел азаматтарына;

4) жоғарыда аталған санаттағы тұлғалардың жұмыс істемейтін отбасы мүшелеріне беріледі.

*Ескерту: 15-тармақ өзгертілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі N 08-1/126 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 21 қарашадағы N 661 бірлескен бүйрығымен.*

## 11. Тұрақты тұруға арналған визалар (ТТВ)

16. Тұрақты тұруға арналған визаларды ҚР ҰҚҚ мен Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - ҚР КДА) келісімі бойынша ресімделген ҚР СІМ-нің визалық қолдауы болған жағдайда, шетел азаматтарының өтініштері негізінде ҚР СІМ-нің шетелдегі мекемелері Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келетін шетел азаматтарына береді.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын және одан тыскары жерлерге тұрақты тұруға кететін шетел азаматтарына шығу визаларын Қазақстан Республикасының азаматтарына арналған тәртіппен ресімделген рұқсаттар негізінде облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының ПД береді.

## 12. Транзиттік визалар (ТВ)

17. Транзиттік визалар үшінші елге кіруге жарамды құжаттары (визасы) бар, визасыз транзитке құқығы жоқ шетел азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтулері үшін беріледі.

18. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өтетін шетел азаматтарының өзімен бірге өздерінің кірген күнін растайтын құжаттары (жол билеті) болуы тиіс, ол туралы Қазақстан Республикасының консулдық мекемелері хабардар етеді.

### **13. Визалардың түрлері**

Визалар мынадай түрлері бойынша бөлінеді:

1 )	к і р у
2 )	к і р у - ш ы ғ у
3 )	ш ы ғ у

#### **4) шығу-кіру**

19. Кіру визалары Қазақстан Республикасына оқуға, емделуге, сондай-ақ тұрақты тұруға келетін шетел азаматтарына 6 айға дейінгі қолданыс мерзімімен беріледі.

20. Кіру-шығу визалары Қазақстан Республикасына келетін шетел азаматтарына екі жылдан аспайтын қолданыс мерзімімен беріледі.

21. Шығу визалары жұмысы, оқуы, емделуі аяқталғаннан кейін немесе басқа да себептер бойынша Қазақстан Республикасынан түпкілікті кетуіне байланысты шетел азаматтарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан басқа елдерге тұрақты тұруға кететіндерге беріледі.

Шығу визалары берілген күнінен бастап 15 тәуліктен аспайтын, ал тұрақты тұруға кететіндерге 3 айдан аспайтын қолданыс мерзімімен беріледі.

22. Шығу-кіру визалары Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын сондай-ақ Қазақстан Республикасына оқуға немесе емделуге келген шетел азаматтарына егер уақытша елден тысқары шығатын кездерде беріледі.

Кіру-шығу визалары 3 айға дейінгі қолданыс мерзіміне беріледі.

### **14. Қазақстан Республикасының визаларын алмастыратын құжаттар**

23. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтары:

1) Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтарының жарамды ұлттық паспорттары мен ықтиярхат күәлігі;

2) Қазақстан Республикасында тұрақты тұру орны бойынша тіркелгендігі туралы белгісі бар азаматтығы жоқ тұлғаның күәлігі негізінде Қазақстан Республикасына келе алады, онда бола алады және Қазақстан Республикасынан кете алады

24. Қазақстан Республикасынан шығарылған шетел азаматтары олардың шығарылуы туралы шешімнің және шығарылуы туралы мөртабан қойылған

Ұлттық паспорттың немесе оны алмастыратын құжаттың негізінде визасыз Қазақстан Республикасынан кете алады.

## **15. Визалардың болу мақсатына сәйкестігі**

25. Визаларды беру негізdemесі шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу мақсаттарымен сәйкес келуі тиіс.

Қазақстан Республикасына туыстарының және таныстарының шақырулары бойынша, яғни, жеке істері бойынша келген, сондай-ақ іскерлік мақсатпен, окуға және турист ретінде келген шетел азаматтары Қазақстан Республикасының аумағында жұмысқа орналаса алмайды, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, визада көрсетілген келу мақсаттарымен байланысты емес өзге қызметпен айналыса алмайды.

## **16. Визалардың қолданыс мерзімі**

26. Визалар онда көрсетілген мерзім ішінде Қазақстан Республикасына келуге, онда болуға және Қазақстан Республикасынан кетуге құқық береді.

27. "Дипломаттық", "қызметтік", "инвесторлық" санаттағы визалар, әдетте 1 жылға дейінгі мерзімге беріледі.

Өзара кепілдік қағидасы ескеріліп "дипломаттық", және "қызметтік" санаттағы визалар 2 жылға дейінгі мерзімге берілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының әділет органдарында есептік тіркелімі бар шетелдік заңды тұлғалардың, шетел компаниялары өкілдіктерінің және филиалдарының бірінші басшыларына, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне ҚР СІМ-нің келісімі бойынша 2 жылға дейінгі мерзімге көп мәртелік инвесторлық виза берілуі мүмкін.

28. "Іскерлік", "жұмыс істеуге арналған", "оқуға арналған" санаттағы визалар 1 жылға дейінгі мерзімге беріледі. Бұл орайда, "оқуға арналған" санаттағы бастапқы визалар 1 айға дейінгі мерзімге беріледі және талапкер оқуға түсken кезде ұзартылуға жатады.

29. "Емделуге арналған" санаттағы визалар 6 айға дейінгі мерзімге беріледі.

30. "Тұрақты тұруға арналған", "жеке" санаттағы визалар 90 күнге дейінгі мерзімге беріледі.

31. "Туристік" санаттағы виза: бірмәртелік – 30 тәулік мерзімге, екімәртелік – 60 тәулік мерзімге беріледі. Бұл ретте туристің Қазақстан Республикасында болу мерзімі әр ретте 30 тәуліктен аспауы тиіс.

Шақыруши туристік ұйым туристік топтың (туристің) Қазақстан Республикасының аумағына екі рет кіруінің қажеттігін негіздейтін сапар бағытын көрсеткен жағдайда, 12-1-тармағында көрсетілмеген елдер азаматтарына мерзімі 60 тәуліктен аспайтын екімәртелік туристік виза берілуі мүмкін.

*Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а.*

*2009.03.13 N 08-1-1-1/55-1 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің  
2009.03.27 N 116 бірлескен бұйрығымен .*

32. "Транзиттік" санаттағы визалар бес тәулік ішінде бір бағытта транзиттік өту кезінде 30 тәулікке дейінгі мерзімге оның иесіне жоғарыда көрсетілген мерзім кезеңінде Қазақстан Республикасында болу құқығымен беріледі.

## 17. Византың мәртебелігі

33. Бір мәртелік визалар Қазақстан Республикасына бір рет келуге және Қазақстан Республикасынан кетуге құқық береді, тиісінше екі, үш және көп мәртелік визалар оның қолдану шегінде Қазақстан Республикасына екі, үш және көп мәрте келуге және Қазақстан Республикасынан кетуге құқық береді.

34. "Дипломаттық", "қызметтік", "инвесторлық", "іскерлік", және "жұмыс істеуге арналған" санаттағы визалар бір мәртелік, сондай-ақ екі, үш, көп мәртелік сапарларға, "туристік" - екі мәртелік сапардан артық емес, "жеке", "оқуға арналған", "емделуге", "тұрақты тұруға арналған" - тек бір мәртелік сапарға берілугі мүмкін.

## 18. Топтық визалар

35. Топтық визалар шетел азаматтары топтарының Қазақстан Республикасына ұйымдастып кірулері, Қазақстан Республикасынан шығулары немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиті кезінде, мақсатқа сай және орынды немесе жеке визаларды ресімдеу үшін қындықтар болғанда реcіmdelede .

Мұндай визаларды беру үшін барлық топ мүшелерінің Қазақстан Республикасына кіруі және Қазақстан Республикасынан шығуы кезінде шекарадағы бақылау-өткізу пунктіне (БӨП) бір уақытта келуі және өтуі Қазақстан Республикасы аумағы бойынша топ құрамында жүріп-тұруы мен қандай да бір пунктте болуы міндетті шарттар болып табылады.

36. Топтық визаларды ҚР СІМ-нің консулдық пункттері және шетелдегі мекемелері, егер халықаралық шарттар мен келісімдерде өзге тәртіп көзделмесе, құзырлы органдармен келісілген ҚР СІМ-нің визалық қолдауы бойынша береді.

Сонымен қатар, топтық визаларды Қазақстан аумағында ҚР ПМ, облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының ПД береді.

37. Топтық визалар алфавиттік тәртіпте түзілетін нысан бойынша атаулы тізімдерде ресімделеді:

N   тегі, аты   күні, айы   Жынысы   паспорт   Азаматтығы					
		және туған жылы			нөмірі

Виза бөлек жеке қағаз парағына жабыстырылады және осы Нұсқаулықтың 19 тарауына (Визаларды ресімдеу) сәйкес толтырылады. "Паспорттың N/passport N" бағанында "топтық", жазылады, "қосымша мәліметтер/additional information" бағанында тізім бойынша кіретін (шығатын) тұлғалардың саны көрсетіледі (мысалы: "25 адамға тізім қоса беріліп отыр").

Визасы бар парақтың төменгі бөлігіне мынадай жазу жазылады:

"Қоса беріліп отырған тізімде көрсетілген әрбір адам (\_\_\_\_\_ тегінен басталатын және \_\_\_\_\_ тегімен аяқталатын) БӘП-де жеке басын қуәландыратын паспорт немесе фотосуреті бар басқа құжатын көрсеткен кездеғана осы виза жарапды".

Визалы парақ тізіммен бірге жоғары сол бүрышын майыстыру жолымен тігіледі, ол консулдық мекеменің мөрімен немесе Қазақстан Республикасы ішкі істер органының визалық мөрімен бекітіледі.

Визаны берген консулдық лауазымды адам (көші-қон полициясының лауазымды адамы) тізімнің төменгі жағына (лауазымын және тегін көрсетіп) қол қояды, қойылған қол Қазақстан Республикасы консулдық мекемесінің немесе ішкі істер органының мөрімен расталады.

Жабыстырылған визамен тізім бір данада жасалынады, түпнұсқа топ жетекшісінде қалады, ксерокөшірмелері: біреуі Қазақстан Республикасына кіру (шығу) кезінде БӘП-не тапсырылады, екіншісі визаны берген Қазақстан Республикасының консулдық мекемесінде немесе ішкі істер органында қалады.

Тізімге түзетулер мен толықтырулар жасауға жол берілмейді.

## 19. Визаларды ресімдеу

38. Барлық санаттағы визалар жалған көшірмелерден қоргайтын өзіндік ерекшеліктері бар арнайы парақта жасалған жапсырма түрінде болады. Визалық жапсырма бірдей сериясы және нөмірі бар визаның өзінен (түпнұсқа) және көшірмесінен тұрады.

39. Визаны ресімдеу кезінде ДВ (дипломаттық), ҚВ (қызметтік), ИНВ (инвесторлық), ICB (іскерлік), ЖСВ (жеке), ТСВ (туристік), ОУВ (окуға арналған), ЕАВ (емделуге арналған), ЖЕВ (жұмыс істеуге арналған), ТТВ (тұрақты тұруға), ТВ (транзиттік) - санаттағы визалар кодының сол жағынан оны берген мекеменің коды қойылады. Консулдық лауазымды адамның (көші-қон полициясының лауазымды адамының) тегі көрсетіліп, қолы қойылады.

ҚР СІМ қажеттілік шаралар бойынша реттік кодын өзгертерді, ол туралы ҚР СІМ-нің консулдық пункттерін және шетелдегі мекемелерін, ҚР ПМ және ҚР ҰКК өз уақытында хабардар етеді.

40. Визалардың толтырылуы қолмен немесе компьютерде жасалады.

Визаларды беру күні және қолдану мерзімі араб сандарымен қойылады (мысалы: 15.09.2002).

41. Кіру визасын ресімдеу кезінде, "түрі/type" бағанындағы "шығу/exit" - "кіру/entry" сөздері сызылып тасталынады.

42. Шығу визасын ресімдеу кезінде, "түрі/type" бағанында "кіру/entry" сөздері сызылып тасталынады.

43. Кіру-шығу визаларын ресімдеу кезінде, "түрі/type" бағанының оң жақ шетіндегі "кіру/entry" сөзі сызылып тасталынады.

44. Шығу-кіру визаларын беру кезінде "түрі/type" бағанның сол жағы шетіндегі "кіру/entry" сөзі сызылып тасталынады.

45. Бір мәртелік немесе көп мәртелік (екі мәртелік, үш мәртелік) визаларды беру кезінде "мәртесі/entries" бағанындағы қажетсіз белгілер сызылып тасталынады.

46. "Басталу мерзімі/valid from" бағанында визаның басталу күні қойылады және "аяқталу мерзімі/valid until" бағанында визаның аяқталу мерзімі қойылады.

47. "Берілген күні/date of issue" бағанында визаның берілген күні қойылады.

48. "Паспорттың N/passport N" бағанында виза алған шетел азаматының паспорт нөмірі қойылады.

49. "Дипломаттық", "қызметтік", "инвесторлық", "іскерлік", "туристік", "окуға арналған", "емделуге арналған", "жұмыс істеуге арналған", санаттағы визаларда "шақырған мекеме/inviting organization" бағанында шақырушы ұйымның атауы көрсетіледі (мысалы: "ҚР Қаржы министрлігі", "Ақ бота" ЖШС, "Астанасервис" А.К. және т.б.).

"Жеке" санаттағы визада шақыруды ресімдеген органның аты көрсетіледі (мысалы: Астана қаласының ПБ). Осы Нұсқаулықтың 10 тармағындағы 5, 6, 7, 8 тармақшаларының негізінде жеке визаны беру кезінде виза беру үшін негіз болып табылатын Нұсқаулықтың тармағы мен тармақшалары көрсетіледі (мысалы: "Нұсқаулықтың 10 т. 7 тш.").

"Тұрақты тұруға арналған: санаттағы визада кіруге (мысалы. "ҚР КДА") немесе шығуға (мысалы: "ПБ 062") рұқсат берген органның аты көрсетіледі.

Егер визаны беру туралы шешімді ҚР СІМ-нің шетелдегі мекемесінің басшысы қабылдаған жағдайда, ҚР СІМ-нің шетелдегі мекемесінің аббревиатуrasesы көрсетіледі (мысалы: "ГФР-дағы ҚРЕ", "Майндағы Франкфурттегі ҚРВК").

50. Бір адамға ресімделген визаның "өзімен бірге/accompanied by" бағанында с ы з ы қ ш а қ о й ы л а д ы .

Егер виза иесінің паспортына оның отбасы мүшелері кіргізілсе және олар онымен бірге заңды негізде еріп жүрсе өзімен бірге/accompanied by" бағанында олардың саны жазбаша түрде көрсетіледі, ал оның қатарына жақшаның ішінде "паспорт бойынша" деп жазылады (мысалы: "(паспорт бойынша) бір балақ", "(паспорт бойынша) екі бала") және т.б.

Егер отбасы мүшелері төлкүжат иесінің паспортына жазылмай, өздерінің жеке жол жүру құжаттары болса, ол кезде бұл бағанда адамдардың саны көрсетіледі, ал оның қатарына жақшаның ішіне "бөлек" деп жазылады (мысалы "бір бала (бөлек)"), ал "қосымша мәліметтер/additional information" бағанында баланың жол жүру құжатының түрі мен нөмірі көрсетіледі.

Егер паспорт иесімен бірге өзінің жеке жол жүру құжаттары бар үш баладан артық жүретін жағдайларда, онда бөлек визалар беріліп, "қосымша мәліметтер/ additional information" бағанында олармен бірге жүретін тұлғаның паспорттың түрі, сериясы және нөмірі көрсетіледі.

51. Сонымен қатар, "қосымша мәліметтер/additional information" бағанына мынадай қажетті мәліметтер енгізуге болады:

1) "визаны ұзарту" деген жазу мен ұзартылатын визаның нөмірі (мысалы: "943 ДВ N 0275386 визаны ұзарту");

2) паспорт иесінің жүрген көлік құралының маркісі, моделі (тұрпаты) (мысалы: "автомобиль Toyota Land Cruser Prado, AF-723 R");

3) егер туыстарының біреуінің қайтыс болған фактісін (немесе ауыр науқастың жай-күйін) растайтын жеделхат негізінде виза берілген жағдайда, халықаралық жеделхаттың жіберілген күні мен нөмірі;

4) шетел азаматтарының баруына жабық елді-мекеннің атауын, егер көрсетілген санатты тұлғалардың оған баруына рұқсат етілген жағдайда ҚР СІМ растамасының нөмірі мен күні (мысалы: "Курчатов қаласы, N 01-027/3 11.04.2002 жыл");

5) шетелдік мемлекеттердің халықаралық жолаушы және жүк тасымалдауды жүзеге асыратын көлік компанияларының жүргізушилеріне (мамандарына, механиктеріне, бухгалтер-кассирлеріне) егер, виза берудің негізdemесі тасымалдауды жүзеге асыру болып табылса "халықаралық тасымалдар" жазуы;

6) мақсатқа сай және қажет болған кезде Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету пункттері;

7) жұмыс күшін тартуға құқық беретін уәкілетті органның рұқсатының нөмірі немесе визаны беруге негізде болған осы Нұсқаулықтың тармақшасы (мысалы: "Нұсқаулықтың 15т.2тш." немесе "Нұсқаулықтың 15т.3тш.");

8) визалық қолдаудың нөмірі немесе ҚР СІМ саяулға жауабының күні мен нөмірі (шақырған жақ болмаған жағдайда), жеке шақырудың күні мен нөмірі;

9) транзиттік визаны беру кезінде (басқада қажетті қосымша мәліметтер болмаған жағдайда) сапарға баратын ел;

10) "Жұмысқа арналған" санаттағы виза иегерінің отбасының жұмыс істемейтін мүшелеріне тәріздес визаны ресімдеген кезде "жұмысқа орналасуға құқықсыз" деген жазба;

11) шетелдік азаматтықтағы қазақ диаспорасы өкілдеріне күелігінің нөмірі"

ж ə н е

" К Д О "

ж а з б а с ы ;

12) қысқа мерзімді іс-сапарға келетін тұлғалар үшін іскерлік виза беру кезінде  
" і с - с а п а р " ж а з б а с ы ;

13) басқа қосымша мәліметтер.

Осы бағанда қосымша мәліметтер болмаған жағдайда сзықша қойылады.

*Ескерту: 51-тармақта өзгертулер енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2004 жылғы 19 қазандағы N 08-1/254, ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 1 қарашадағы N 605 бірлескен бұйрығымен .*

52. Дипломаттық, қызметтік және инвесторлық визаларды беру кезінде визалық жапсырманың "қосымша мәліметтер/additional information" бағанындағы бірінші үш цифр визаны берген консулдық мекеменің кодын, ал келесілері - тіркеудің реттік нөмірін білдіретін (мысалы: ҚР СІМ тірк. N 929/15) тиісті жазба енгізу арқылы шетел азаматтарының паспорттарын тіркеу қатар жүргізіледі. Бұл ретте, визаны берген орынға қарамастан "ҚР СІМ" қысқарған сөздері өзгөрмейді.

Визаны бергендігі және оның тіркелгендігі туралы ҚР СІМ-не кідірместен, "Ескертпе" бағанында Қазақстан Республикасында тұруы ықтимал жер көрсетілетін бекітілген үлгідегі хабарлама жолданады. ҚР СІМ хабарламаны алған кезден бастап үш тәулік ішінде ҚР ҰҚҚ-і мен ҚР ПМ-не алынған ақпаратты ж о л д а й д ы .

*Ескерту: 52-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Сыртқы істер министрінің 2004 жылғы 19 қазандағы N 08-1/254, ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 1 қарашадағы N 605 бірлескен бұйрығымен .*

53. Визалардың мәтінінде өзгертулерге жол берілмейді. Мәтіндері (сандары) түзетілген немесе осы тарауда көрсетілгеннен өзгеше түрде ресімделген визалар жарамсыз болып есептеледі.

## **20. Визаларды алу үшін ұсынылған құжаттарға қойылатын талаптар**

54. Қазақстан Республикасының визалары шетел азаматтарына паспорттарды немесе оларды алмастыратын, Қазақстан Республикасы таныған мемлекет немесе халықаралық ұйымдар берген құжаттарды көрсеткенде, егер оның түпнұсқалылығына және иесінікі екендігіне күмән келтірмейтін болса беріледі.

Паспорттардың немесе оны алмастыратын құжаттың қолданыс мерзімі сұраған визаның қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін үш айдан аспай біту керек.

Паспортта немесе оны алмастыратын құжатта ескертілмеген тазартулар мен түзетулер, мөр басылмаған фотосуреттер және парақтары сөгілгендігі табылған жағдайда осындай құжаттардың иелеріне визалар берілмейді.

Құжаттардың жарамсыздығы немесе жалғандығы, оларда жасалған

ескертілмеген түзетулердің себебі бойынша виза беруден бас тарту жағдайы туралы міндетті түрде ҚР СІМ-н хабардар ету қажет.

## 21. Визаларды беру тәртібі

55. ҚР СІМ шетелдегі мекемелері осы нұсқаулықпен қарастырылған негіздер болған жағдайда барлық санаттағы визаларды береді.

Жеке жағдайда, визаларды беру туралы шешімді ҚР СІМ-нің шетелдегі мекемесінің басшысы заңды немесе жеке тұлғаның өтініші негізінде ҚР ҰҚҚ-не бұл туралы өз уақытысында мәлімдеп отыратын ҚР СІМ-не кейін хабарлап, қа b y l d a u y m u m k i n .

Қазақстан Республикасының консулдық мекемелері тарапынан Австралия Одағы, Австрия Республикасы, Америка Құрама Штаттары, Бельгия Корольдігі, Германия Федеративтік Республикасы, Грекия Республикасы, Дания Корольдігі, Жаңа Зеландия, Жапония, Корея Республикасы, Біріккен Араб Әмірліктерінің, Сауд Арабиясы Корольдігінің, Польша Республикасының, Венгрия Республикасының, Словак Республикасының, Израиль Мемлекетінің, Хорватия Республикасының, Оман Сұлтандығының, Чех Республикасының, Румынияның, Болгар Республикасының, Мальтаның, Кипр Республикасының, Словения Республикасының, Литва Республикасының, Латвия Республикасының, Эстония Республикасының, Ирландия Республикасы, Исландия Республикасы, Испания Корольдігі, Италия Республикасы, Канада, Лихтенштейн Княздігі, Люксембург Ұлы Герцогтығы, Малайзия, Монако, Нидерланд Корольдігі, Норвегия Корольдігі, Португалия Республикасы, Сингапур Республикасы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі, Финляндия Республикасы, Француз Республикасы, Швейцария Конфедерациясы, Швеция Корольдігі азаматтарына Қазақстан Республикасының бір мәртелік дипломаттық, қызметтік, іскерлік, жеке және туристік визалары олардың жазбаша өтініші негізінде шақырусыз және визалық қолдаусыз осы Нұсқаулықтың 55-тармағының 2-абзацы мен 59-тармағының 1), 2), 4)-тармақшаларының нұсқаулары сақталып берілуі m u m k i n

Визалық қолдауда көрсетілген визаны алу орны өзгерген жағдайда, ҚР СІМ-не бұл жөнінде хабарланып, виза өтініш жасаған орны (Қазақстан Республикасының аумағындағы консулдық пункттерді қоспағанда) бойынша беріледі.

Қазақстан Республикасының екімәртелік туристік визасы осы Нұсқаулықтың 12-1 тармағында көрсетілген азаматтар үшін жазбаша өтініш беру арқылы шақырусыз және визалық қолдаусыз, 55-тармақтың екінші абзацының және осы Нұсқаулықтың 59-тармағының 1), 2), 4) тармақшаларының нұсқамаларын сақтағанда беріледі.

*Ескерту: 55-тармаққа өзгерту, толықтыру енгізілді - ҚР Сыртқы істер*

*министрінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы N 08-1/187 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 724 бірлескен бұйрығымен, 2004 жылғы 25 мамырдағы N 08-1/123, 2004 жылғы 23 маусымдағы N 357 бірлескен бұйрығымен, ҚР Ішкі істер министрінің 2007.07.04. N 272, ҚР Сыртқы істер министрінің 2007.06.29. N 08-1-1-1/200 бірлескен бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 6 қыркүйектегі N 365, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 3 қыркүйектегі N 08-1-1-1/257 Бірлескен бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007.12.24. N 494, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2007.12.07. N 08-1-1-1/415 (тұнғыш рет реңми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өтісімен қолданысқа енгізіледі) Бірлескен бұйрығымен, ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 2009.03.13 N 08-1-1-1/55-1 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009.03.27 N 116 бірлескен бұйрығымен.*

56. Қазақстан Республикасының аумағында визаларды:

1) ҚР СІМ - Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тіркелген шетел мемлекеттер өкілдіктерінің өтініштері бойынша шетел азаматтарына береді;

ҚР СІМ консулдық пункттері Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасында, оның ішінде мемлекеттік шекарадан өту мезгілінде визалық жапсырмада қателер табылған кездерде де визалар беруді жүзеге асырады. ҚР СІМ-нің консулдық пункттері өнірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті органның белгіленген тәртіпте келісілген қолдаухаты бойынша АӘҚО қатысушыларға инвесторлық виза береді; V070005060

2) ҚР ПМ, облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының ПД заңды және жеке тұлғалардың өтініштері бойынша ("дипломаттық" және "инвесторлық" санаттағы визалардан басқа) береді.

*Ескерту: 56-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2004.10.19 N 08-1/254, ҚР Ішкі істер министрінің 2004.11.01 N 605 бірлескен бұйрығымен, ҚР Сыртқы істер министрінің 2006.09.22 N 08-1/276, ҚР Ішкі істер министрінің 2006.09.25 N 468 бірлескен бұйрығы.*

57. Шетел азаматтарының келуі үшін құжаттарды ресімдеу тәртібін ҚР ҮҚҚ-імен келісімі бойынша өздерінің құзыретіне сәйкес ҚР СІМ мен ҚР ПМ айқындаиды.

58. Қазақстан Республикасына келу үшін визалар беру туралы шетел азаматының өтінішін алу кезінде Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі мыналарды тексереді:

1) ҚР ПМ-ПД-нің белгіленген үлгідегі шақыру түпнұсқасының немесе ҚР СІМ-нің визалық қолдауының болуын;

2) ұсынылған паспорттың түпнұсқалылығы мен жарамдылығын;

3) фотосурет жапсырылған визалық сауалнамаың (сауалнамадағы аты-жөні қосымша латын әріптерімен көрсетіледі) толтырылуының дұрыстығын.

Бұдан басқа өтініш білдірушіден византың ресімдеу жөніндегі қажетті шешімді қабылдау үшін оның сапары мақсаты және басқа да сұрақтар анықталады.

КР СИМ-нің визалық қолдауы болған жағдайда шақырудың болуы талап етілмейді.

59. Өтінішті зерделеу кезінде мыналар қажет:

1) өтініш білдірушінің ТМД-на қатысушы мемлекеттер аумағына кіруі шектелмегендігіне көз жеткізу;

2) өтініш білдірушімен әңгіме барысында немесе басқа деректемелерден алынған мәліметті және паспорттың мағлұматын визалық сауалнамадағы сұрақтарға жауаптардың мазмұнымен салыстыру;

3) шетел азаматының мәлімдеген сапардың мақсаты шақырушы тарағ көрсеткен мақсатпен сай келетіне көз жеткізу;

4) өтініш білдірушінің Қазақстан Республикасында болғаннан кейін паспорттың құжаты оған түрақты тұратын елге қайтып оралуына немесе басқа елге кетуіне құқық беретіндігін анықтау;

5) Қазақстан Республикасына кіруге арналған виза немесе визалық қолдау  
б е р у д і                    КР                    ҮКК-мен                    келісү.

ҚР ПД-ПМ-нің шақыруы, ҚР СІМ-нің нұсқауы немесе визалық қолдауы болмаған жағдайда ҚР СІМ-нің шетелдік мекемелері ҚР СІМ-не белгіленген үлгіде сұрау салу жолдайды. Сұрау салуға ҚР СІМ-нің жауабы немесе басқа да нұсқаулары болмаған жағдайда, бір мәртелік виза ҚР СІМ-нің сұрау түскендігі туралы растауын алғаннан кейін 5 күннен соң берілуі мүмкін.

Осы Нұқсаулықтың 12-1-тармағында көрсетілген елдер азamatтары үшін екімәрtelіk туристік визаны қоспағанда, көпмәрtelіk (екімәрtelіk, үшмәрtelіk) визаға берілген сұратудың жауабы КР СІМ-нен келіп түскенінен кейін беріледі.

ҚР СІМ-нің шетелдік мекемесінің басшысының шешімі негізінде осы Нұсқаулықтың 55-тармағының екінші және үшінші абзацтарының ережелеріне сәйкес бір мәртебелік визалардың берілу дерегі бойынша 52-тармақтың екінші абзацында белгіленген тәртіппен хабарлама жолданады

Ескеरту: 59-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2004 жылғы 19 қазандағы N 08-1/254, ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 1 қарашадағы N 605 бірлескен бүйрығымен, ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 2009.03.13 N 08-1-1-1/55-1 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009.03.27 N 116 бірлескен бүйрығымен.

60. Өтінішті зерделеу нәтижесінде консулдық мекеме осы Нұсқаулықты басшылыққа ала отырып, виза беру немесе виза беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

61. Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі ТМД-на қатысушы мемлекеттер аумағына кірулері шектелген шетел азаматтарына виза беруден бас тартады және өз уақытында кіруге жабық туралы нұсқаулық хаттың құніне және нөміріне сілтеме жасай отырып, осындай тұлғалардың виза үшін өтініш білдірген Фактісі туралы ҚР СІМ-н хабардар етеді.

Өтініш білдірген тұлғаларға виза беруден бас тартудың себептері хабарланбайды.

62. ҚР СІМ ҚР СІМ-нің консулдық пункттері мен шетелдегі мекемелерін ТМД-на қатысушы мемлекеттер аумағына кірулері шектелген шетел азаматтары туралы хабардар етеді.

63. Шетел азаматына Қазақстан Республикасының визасын беруден мынадай жағдайда бас тартылуы мүмкін:

1) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті немесе тұрғындардың денсаулығын қорғау мүдделерінде;

2) егер ол Қазақстан Республикасының егемендігіне қарсы шықса, оның аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырса;

3) егер ол мемлекетаралық, ұлтаралық және діни араздықты тұтандырса;

4) егер бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа да тұлғалардың құқықтарын және занды мүдделерін қорғау үшін қажет болса;

5) егер ол террористтік қимыл үшін айыпталса немесе сот оны аса қауіпті қылмыскер деп мойындағаса;

6) егер ол бұрын Қазақстан Республикасынан шығарылса;

7) егер ол бұның алдында Қазақстан Республикасында болған уақытында Қазақстан Республикасында шетелдік азаматтардың құқықтық жағдайы туралы зандарын, кедендей, валюталық немесе өзге де Қазақстан Республикасының зандарын бұзғаны туралы фактілері анықталса;

8) егер ол кіру туралы өтініш білдірген кезінде өзі туралы жалған мәліметтер хабарласа немесе қажетті құжаттарды бермесе;

9) егер өтінішті зерделеу немесе әңгімелесу барысында шетел азаматы мен шақыруышы жақтың мәлімдеген сапар мақсаты сай келмейтіні анықталса;

10) Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген өзге де негіздерде.

64. Шетел азаматына шығу визасы мынадай жағдайда берілмеуі мүмкін:

1) егер оны қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін негіздемелер бар болса істің аяқталу мерзіміне дейін;

2) егер ол жасаған қылмысы үшін сottалса - жазасын өтеуге дейін немесе

жазадан

босатылғанға

дейін;

3) егер ол сотпен оған жүктелген міндеттемелерді орындаудан жалтарса -  
міндеттемелерінің орындалуына дейін;

4) Қазақстан Республикасының заңды актілерімен белгіленген өзге де  
негіздемелер бойынша.

Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасынан шығу мерзімі Қазақстан Республикасының азаматтарының, басқа жеке және заңды тұлғалардың елеулі мұдделеріне байланысты мүліктік міндеттемелерін орындағанға дейін ұзартылуы мүмкін.

65. Қазақстан Республикасының визаларын ресімдеу, егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзге ережелер белгіленбесе, мемлекеттік баж (консулдық алымдар) және нақты шығыстардың сомалары төленгеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

## 22. Визаны ұзарту тәртібі

66. Визалардың қолданыс мерзімін ұзарту туралы шешімдерді ҚР СІМ мен Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қабылдаған заңды (жеке) тұлғалардың немесе шетел азаматтарының өздерінің жазбаша өтініш берген сэттен бастап, бескүндік жұмыс күннің ішінде қабылдайды.

Визалардың қолданыс мерзімін ұзарту "қосымша мәліметтер/additional information" бағанында қолданыс мерзімі өтіп кеткен визаның нөмірін ("943 ICB 0275386 визаны ұзарту") көрсетумен, сол санаттағы жаңа виза беру жолымен жасалады.

Визалардың қолданыс мерзімдерін ұзарту шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу мерзімін ұзарту қажеттілігін растайтын құжаттары болған жағдайда (лицензия, келісім-шарт және т.б.) ғана рұқсат етіледі.

67. Туристік визалар тек ерекше жағдайларда (туристің науқастануы, табиғаттық катализмдер, төтенше жағдайлар және т.б.) ұзартылады.

68. ҚР СІМ-де тіркелген шетелдік дипломатиялық және консулдық мекемелердің, халықаралық ұйымдардың және өзге де шетел мемлекеттерінің өкілдіктері қызметкерлерінің болу мерзімін ұзартуды тіркелу мерзімнен аспайтын кезеңге ҚР СІМ жүзеге асырады.

68-1. Визалардың қолданылу мерзімін ұзарту, сондай-ақ АӨҚО қатысушыларға визалардың санатын өзгерту осы нұсқаулыққа сәйкес өнірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті органның қолдаухаты бойынша Қазақстан Республикасының аумағынан шықпай жүзеге асырылуы

М Ү М К И Н

*Ескерту: 68-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006*

*жылғы 22 қыркүйектегі N 08-1/276, ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 25 қыркүйектегі N 468 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) бірлескен бұйрығымен.*

69. Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасының аумағында болу мерзімін ұзарту кезінде ұлттық қауіпсіздік органдарымен қосымша келісу талап етілмейді.

70. ҚР СІМ-нің нұсқауы бойынша пайдаланылмаған визалардың орнына жаңа виза беру үшін ҚР СІМ-нің қосымша келісімі талап етіледі. Бұл туралы сұрау салуда визалардың пайдаланылмаған себептері көрсетілуі тиіс. Жаңа виза беру кезінде консулдық алым алынады.

### **23. Визаларға қол қою құқығы**

71. Қазақстан Республикасының визаларына:

1) ҚР СІМ-нің бұған уәкілетті ҚР СІМ-нің қызметкерлері, сондай-ақ ҚР СІМ консулдық пункттері мен шетелдік мекемелерінің басшылары мен консулдық лауазымы

тұлғалары;

2) ҚР ПМ-нің Көші-қон полициясы департаментінің, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ПД көші-қон полициясы басқармаларының (бөлімдерінің) бастықтары немесе олардың орынбасарлары қол қояды.

72. ҚР СІМ-нің шетелдегі мекемелері және ҚР ПМ-нің Көші-қон полициясы департаменті визаларға қол қоюға уәкілетті тұлғалар туралы (тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы) ҚР СІМ-н хабардар етіп, олардың қолдарының үлгілерін үш данада, сондай-ақ Қазақстан Республикасының визасын беретін мекеменің (органның) дөңгелек гербтік (визалық) мөрі таңбаларын жібереді.

ҚР СІМ өз уақытында Қазақстан Республикасының визаларға қол қоюға уәкілетті құқығы бар тұлғалар туралы ҚР ҰҚҚ Шекаралық қызметін және ҚР ПМ-н хабардар етеді.

### **24. Берілген визалардың есебі**

73. Ресімделген визалар туралы деректер визалардың әр санаты үшін жеке есеп журналына енгізіледі. Журналдар нөмірленген, жіппен тігілген, сондай-ақ дипломатиялық өкілдіктердің консулдық бөлімдері, Консулдық мекемелер, ҚР СІМ ККД, ҚР ПМ Көші-қон полициясы департаменті, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ПД Көші-қон полициясы басқармалары мөрімен және басшыларының (аға дипломатының) қолымен расталған болуы керек (қосымша да).

ҚР СІМ, ҚР СІМ-нің консулдық пункттері мен шетелдегі мекемелерінің ресімделген визалары жөніндегі мәліметтер бұдан басқа "Консул" автоматтандырылған деректер қорына қосымша енгізіледі.

74. Визалық жапсырмалар бланкілері қатаң есеп-қисапты құжат болып табылады.

ҚР СІМ-нің консулдық пункттері мен шетелдегі мекемелері әр айдың 5-і күні ҚР СІМ ККД-не берілген визалар, тұсken консулдық алымдардың сомасы туралы және күтілмеген шығыстардың (нақты шығыстардың) өтеу есебіне, сондай-ақ визалық жапсырмалар шығыстары туралы белгіленген үлгідегі статистикалық есебін тапсырады.

75. Толтыру кезінде бұлғынген визалық жапсырмалар блокта (кітапшадан қалады. Мұндай әр факті бойынша тиісті акт жасалынады.

76. Әртүрлі себептер бойынша (мерзімдердің, санаттардың, түрлердің т.б. өзгеруі) паспорттағы (жол жүру құжатында) визалардың қүшін жоюы жағдайларында, құжаттан фотосурет және паспорттың деректері бар беттерінің, сондай-ақ қүші жойылған виза бар бетінің ксерокөшірмесі алынады. Сонымен бірге тиісті акт жасалынады.

77. Қолданылған визалық кітапшалар қатаң есептілік бланкілердің сақтау үшін өзірлеген талаптарға сәйкес сақталынады. Визалық кітапшаларды есептен шығарған кезде міндетті тәртіпте есептен шығарылғаны туралы акті толтырылады.

## 25. Халықаралық шарттар

78. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Нұсқаулықта қамтылғандардан өзгеше ережелер белгіленген болса, халықаралық шарттың ережесі қолданылады.

Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік хатшысы -  
Сыртқы істер министрінің  
2002 жылғы 24 желтоқсандағы  
N 08-1/77 бұйрығымен және  
Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2002 жылғы 27 желтоқсандағы  
N 806 бұйрығымен бекітілген  
Қазақстан Республикасының  
визаларын беру тәртібі  
туралы Нұсқаулыққа  
қосымша  
**ҚР-ның ДИПЛОМАТТИҚ (ДВ), ҚЫЗМЕТТИҚ (ҚВ), ИСКЕРЛІК (ІСВ)  
ВИЗАЛАРЫНЫҢ БЕРІЛУ ЕСЕБІНІҢ ЖУРНАЛДАРЫНЫҢ НЫСАНЫ**

---

N |құжат.|виза.|аза.|тегі,|туған|пас.|виза |шақыр.|виза. |виза.  
т/б|тарды |ның |мат.|аты- |күні,|порт|беру |ған |ның |ның  
|қабыл.| N |тығы|жөні |айы, |се. |негіз.|тұлға |түрі |мәрте.

дау	жылы	рия.	демесі	лігі
күні	сы,	(виза.)		
	N	лық		
		колдаяу		
		N)		

1      2      3      4      5      6      7      8      9      10      11

## т а б л и ц а н ың жа лғасы

виза. | консулдық алым/ | тү. | нақты | тү. | виза | алушы.|ес.  
 ның | мемлекеттік баж | бір.|шығыс.|бір.|беріл.| ның | кер.  
 қолда. | | тек | тар | | тек | ген | | қолы | | ту  
 ныс | тариф | жеделдету| N | | | N | күн | |  
 мер. | бойын.| үшін | | | | | | |  
 з i м i | ша | | | | | | |

12      13      14      15      16      17      18      19      20

ҚР-ның ИНВЕСТОРЛЫҚ (ИНВ), ЖЕКЕ (ЖСВ), ТУРИСТІК (ТВ), ОҚУҒА АРНАЛҒАН (ОАВ), ЖҰМЫСҚА АРНАЛҒАН (ЖЕВ), ЕМДЕЛУГЕ АРНАЛҒАН (ЕАВ), ТҮРАҚТЫ ТҮРУҒА АРНАЛҒАН (ТТВ) ВИЗАЛАРЫНЫҢ БЕРІЛУ ЕСЕБІНІҢ ЖУРНАЛЫНЫҢ НЫСАНЫ

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12

## т а б л и ц а н а ц ж а лғ а с ы

виза. |консулдық алым/ |ту. |нақты |ту. |виза |алушы.|ес.  
ның |мемлекеттік баж |бір.|шығыс.|бір.|беріл.| ның |кең.

қолда.		тек	тар		тек	ген		қолы		ту
ныс	тариф	жеделдету	N		N	күн				
мер.	бойын.	үшін								
зімі	ша									

13            14            15            16            17            18            19            20            21

## ҚР-НЫҢ ТРАНЗИТТІК (ТВ) ВИЗАЛАРЫНЫҢ БЕРІЛУ ЕСЕБІНІҢ ЖУРНАЛЫНЫҢ НЫСАНЫ

N	күжат. виза. аза. тегі туған пас. виза	беру визаның
т/б тарды	ның мат. аты- күні порт	негізде. қолданыс
қабыл.  N	тығы жөні айы, се.	месі  мерзімі
дау		жылы рия. (баратын
күні		сы,   елдің
		N   визасы,
		билет )

1            2            3            4            5            6            7            8            9

### т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

консулдық	алым/	тү.	нақты	тү.	виза	алушы. ес.
мемлекеттік	баж	бір. шығыс. бір. беріл.	ның			кер.
		тек	тар	тек	ген	қолы
тариф	жеделдету	N		N	күн	ту
бойын.	үшін					
ша						

10            11            12            13            14            15            16            17